

Жаңажол ауылдық округі- Халқымыздың біртуар ұлы болған батыр, ақын, шешен, күйші сөз зергері Махамбет Өтемісұлының (1803-1846) жалпы біздің Жайық өңірінің тумасы екенін баршамыз жақсы білеміз. Патша үкіметінің өктемдік саясатының салдарынан батыр бабамыздың біраз жапа шеккені де, көпшілікке тарихтан мәлім. Бір кездері бодан болып қашып жүрген Ер Махамбеттің біздің аудан аумағынан пана тауып, қазіргі Жаңажол ауылдық округіне қарасты «Айғанша» (кешегі кеңес заманында бұрынғы Фурманов ауданы жеріндегі «К.Маркс», «ХХ Партсъезд» колхоздарының орталығы болды) елді мекенінде өмір сүріп, осы маңда болыс болған дауымшар Бірәлі Есейұлының қызы Айғаншаға ғашық болып, екеуі сөз жарастырып тұрмыс құрған. Бірәлі өте ауқатты бай адам болыпты. Аңызға сүйенсек оның байлығы қазіргі Қаратөбе ауданы жеріндегі Қалдығайты өзені бойынан бастып, біздің аудан жеріндегі Сарыөзен (Кіші өзен) өзені бойына дейінгі дархан даланы тегіс жайлап жатты дегенді естиміз. Жаңажол ауылдық округінің (бұрынғы Фурманов ауданындағы «Ақкөл» қой совхозы) аумағында «Шоқа» деген елді мекен бар. Сол жерде заманында «Шоқа» деген бай мекендеп, содан елді мекен аты аталған ауқатты адамның атымен аталып кеткен. Бай-байға сай-сайға демекші, Бірәлі Айғаншаны Шоқаның баласы Ысқаққа беруді көздеп, Шоқа мен құда боламын деп,-есептейді. Бірақ Ысқақты жүрегі қаламаған Айғанша әкесінің қарсылығына қарамастан Махамбетке қашып кетеді. Жалпақтал өңірінде Сарыөзеннің үстінде «Бірәлі бөгеті» деген өткел бар. Бөгет Бірәлі байдың жылқының қылынан өріп салдырған көпірі дейді,-білетіндер. Махамбет Айғаншаны сол бөгеттің төңірегінен мінген атының жылдамдығын жеделдету үшін аяғына тері байлап алып қашып, келінді қазіргі Қазталов-Жәнібек авто жолының 51-ші шақырымында «Ащыөзек» өзені бойында Махамбеттің Мәмбет деген руы «Малбасар алаша» нағашысы тұрған, батыр бабамыз келінді сол үйге түсірген. Жан-жақтан қысым көріп, тығылу мен қашу мен күн кешкен қос ғашықтың өмірі трагедия мен аяқталады. Махамбет Өтемісұлын 1846 жылғы 4 қазан күні Баймағамбет сұлтанның жақтастарының қазіргі Атырау облысы аумағындағы «Қарой» деген жерде басын шауып тастағаны тарихтан жақсы мәлім. Ал Айғанша ханымды Махамбет өлген соң Шоқа бай біздің жесіріміз деп, Жаңажол топырағына алып қайтпақшы болып, Сарайшық қаласына қарай жолға шығады. Бірақ Шоқа жақтан кісі барғанша Айғанша ханым суға секіріп кетіп, қайтыс болып кеткен. Содан елді-мекен атауы Махамбет батырдың ғашығы сол маңда тұрып кеткен «Айғанша» ханымның атымен аталып кеткен деген деректер бар. Айғанша аруда пысық, өнерпаз, ер мінезді өжетте қарулы қыз болған. Сол бір жылдары өршіл рухты ақынды көре алмаған хан уәзірлерінен Махамбеттің басын әкеліп беруді өтінеді. Хан

жақтастарының ішінде ақын бабамыздың туысы Ықылас Төлеевте бар болатын. Киіз үйдің ішінде сол кезеңде бүкіл қару-жарағын тастамай асынып жүрген деген де дерек көздері бар. Себебі М.Өтемісұлына өшіккен жаулар тым көп болған тұғын. Ықылас бастаған хан жақтастары Махамбетке келеді,-батыр оларды киіз үйдің алдында күтіп алады. Ықылас ақын Махамбетке келген қонақтарға қош келдің айтпайсың ба?,-дейді. Сол тұста қонақжайлылыққа салынған Махамбет қонақтарға қош келдіңіз айтып, жары Айғаншаға қонақасы әзірлетеді. Дастархан басында Ықылас Махамбетке қаруыңды шеш біз саған қонаққа келдік деп,-алдап соғады. Қаруын шешкен мезетте Ықылас пен оның бір серіктесі Махамбетке шап беріп, сол жерде аз-кем келіспеушіліктер болған деген ауыздан-ауызға жеткен шежірелі мәлімет көздері бар. Хан бұйрығын орындап батырдың басын шауып алып кетуге келіп отырған әпербақандардың әрекетінің арты жақсы болмайтыны түсінген кісіге әуел бастан белгілі ғой. Бұл туралы дауылпаз ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы жан-жақты зерттелген ғылыми еңбектерді ақтарып, үнемі ізденіс үстінде жүретін Казталов ауданындағы Қайыңды орта жалпы білім беретін мектебінің директоры, жергілікті өлкетанушы, елгезек ағамыз Серікжан Сүлейменовтің Казталов аудандық «Ауыл айнасы» газетінің 2013 жылғы 25 қазан күні шыққан кезекті санына «Махамбеттің ізі қалған Айғанша» атауы мен көлемді мақаласы жарық көрді. Мақала барысында Серікжан ағамызда біраз тарихтың басын қайтарып, оқырман қауым үшін бұрын-соңды беймәлім болып келген тарих перделерін ашты.